

**Қ. Н. Абуғалиев, FЗИ ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі**  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

**«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 Қаулысындағы аударма тілінің кемшіліктері**

*Аннотация. Мақалада «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 Қаулысындағы аударма сәйкестігі тілдік тұрғыда талданған. Талдау барысында автор аудармаға қатысты өзінің бірқатар ұсынымдарын ұсынады.*

*Түйін сөздер: қызметтік қару, спорттық қару, атыс тиірлері, марапаттық қаруды сатып алу, өзін-өзі қорғау қарулары, ойықты қару, транзиттеу тәртібі.*

«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 Қаулысында Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесі бекітілген. Бұл ереже төмендегідей бөлімдерден тұрады:

1. Жалпы ережелер.
2. Қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу құқығына лицензия берудің шарттары мен тәртібі.
  - 2-1. Заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу тәртібі.
3. Қызметтік қару мен оның патрондарын сақтаудың тәртібі.
4. Қызметтік қару мен оның патрондарын есепке алудың тәртібі.
5. Қызметтік қару мен оның патрондарын берудің тәртібі.
6. Қызметтік қару мен оның патрондарын алып жүру құқығына рұқсат беру тәртібі.
7. Қызметтік қару мен оның патрондарын пайдаланудың тәртібі.
8. Қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдаудың тәртібі.
9. Спорттық қаруды сатып алудың, сақтаудың және тасымалдаудың тәртібі.
10. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіруге, өңдеуге және жөндеуге лицензия берудің шарттары мен тәртібі.
11. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға (саудасына) лицензия берудің шарттары мен тәртібі.
12. Азаматтық және қызметтік қаруды, оның патрондарын коллекциялау мен экспонаттауға лицензиялар берудің тәртібі мен шарттары.
13. Азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондарын коллекциялау мен экспонаттаудың тәртібі.
14. Жөндеу шеберханасындағы азаматтық және қызметтік қаруды есепке алудың тәртібі.
15. Дүкендердегі азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау және сату тәртібі.
16. Азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алудың, есепке алудың, сақтаудың, алып жүрудің, тасымалдаудың, алып қоюдың және жою тәртібі.
17. Марапаттық қаруды сатып алу, сақтау және алып қою тәртібі.
18. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу тәртібі.

19. Шетелдік құқық қорғау органдарының арнаулы қызметтері мен әскерилендірілген ұйымдары қызметкерлерінің жауынгерлік қол атыс қаруын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету тәртібі.

20. Атыс тирлері (атыс орындары) мен стенділерін ашу және олардың жұмыс істеу тәртібі.

Жоғарыдағы ереженің қазақ тіліндегі мәтіндерінің аударма сәйкестігін талдау барысында төмендегідей кемшіліктерді анықтадық:

1) Қаулының алғашқы азат жолында «Утвердить прилагаемые»: деген тіркес «Қоса беріліп отырған» деп аударылып, әрі қарай сөйлем аяқталмай қалған. Бұл жерде дұрысы — «Төмендегі қоса беріліп отырған ережелер бекітілсін» деп аударылып, сонан кейін тізбектей санамалап көрсетілуі керек еді [1].

2) Қаулының 5-тармағындағы «Агентству Республики Казахстан по делам здравоохранения в месячный срок разработать и утвердить нормы допустимого воздействия на человека поражающих факторов оружия самообороны — огнестрельного гладкоствольного длинноствольного с патронами травматического действия, огнестрельного бесствольного с патронами травматического, газового и светозвукового действия» деген сөйлем қазақ тіліне былай аударылған: «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі бір айлық мерзімде, **өзін-өзі қорғау** — жарақат салатын патрондары бар тегіс ұзын ұңғылы атыс, жарақат салатын, газбен және сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар ұңғысыз атыс қаруының зақымдағыш факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілетін нормаларын әзірлесін және бекітсін». Сөйлемнің аудармасы орыс тілінің грамматикасына тәуелді болып қалуына байланысты, түсінікке ауыр тиіп отыр. Оны қарамен белгіленген сөздерден кейінгі тыныс белгісін (сызықшаны) айнытпай келтіргенінен-ақ байқауға болады. Дұрыс нұсқасы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі бір айлық мерзімде, **өзін-өзі қорғау қаруларының, яғни** жарақат салатын патрондары бар тегіс ұзын ұңғылы атыс, жарақат салатын, газбен және сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар ұңғысыз атыс қаруларының зақымдағыш факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілетін нормаларын әзірлесін және бекітсін».

3) Жалпы ережелер бөліміндегі «производство оружия и патронов» тіркесі «қару мен оның патрондарын өндіруді» деп аударылған. Мұндағы «производство» сөзін «өндіру» деп алғаннан гөрі, «жасау» синоним сөзін қолданғанда (қару мен оның патрондарын жасауды), түсінікке әлдеқайда жеңіл болар еді.

Осы бөлімнің 3-2-тармағының 7-тармақшасында «заклучения уполномоченного органа в области здравоохранения о соответствии оружия с патронами травматического действия и электрического оружия установленным нормам допустимого воздействия на человека поражающих факторов указанного оружия (при намерении его приобретения организацией, осуществляющей торговлю оружием)» деген сөйлемнің соңғы тұстары аудармасында түсінуге қиын, яғни «денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның жарақат салатын әсері бар патрондары бар қарудың және электр қаруының көрсетілген қарудың зақымдағыш факторларының адамға тигізетін жол берілген әсерінің белгіленген нормаларына сәйкестігі туралы қорытынды (қаруды сатуды жүзеге асыратын ұйым оны сатып алуға ниет білдірген кезде)». Мұндағы кемшілік — аудармашы әр сөзді тікелей аударуға тырысқан, нәтижесінде сөйлемнің мағынасына нұқсан келіп, түсінікке ауырлау тиюде. Біз ұсынған аударма былай болмақ: «денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның жарақат салатын әсері бар патронды қарудың және электр қаруының зақымдағыш факторларының адамға тигізетін **болуы мүмкін әсерінің** белгіленген нормаларына сәйкестігі туралы **қорытындысы** (қаруды сатуды жүзеге асыратын ұйым оны сатып алуға ниет білдірген кезде)».

4) 8-тармақшадағы «согласованных с территориальными департаментами внутренних дел (для гладкоствольного оружия) и (или) Министерством внутренних дел (для нарезного оружия) бланков сведений об имеющемся и потребном количестве оружия и патронов к нему согласно приложению 17 к настоящим Правилам (для юридических лиц с особыми уставными задачами)» сөйлемінің «осы Ережеге 17-қосымшаға сәйкес аумақтық ішкі істер

департаменттерімен (тегіс ұңғылы қару үшін) және (немесе) Ішкі істер министрлігімен (ойық қару үшін) келісілген қару мен оның патрондарының қолда бар және қажетті саны туралы мәліметтер бланкілері (ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар үшін)» деген қазақша баламасында **Ережеге** сөзі — **ереженің, ойық қару** — бекітілген термин ретінде **ойықты қару** болып аударылғаны дұрыс.

5) Ереженің 3-бөлімі 7-тармағының 7-тармақшасында «постоянно находится» тіркесі «ұдайы сақталады» деп аударылған. Бұл жердегі «ұдайы» сөзі көркем әдебиет стиліне жақын. Әңгіме іс-қағаздарға қатысты болғандықтан, синонимдік қатардан «үнемі» сөзін алған дұрыс еді (үнемі сақталады).

Келесі тармақта «укрепляются стальными накладками» тіркесі «болат бастырмамен нығайтылады» деп солақай аударыла салған. Қазақ тіліндегі сөйлемде баяндауыш мүшенің рөлі аса зор. Ал, сол мүшенің орында тұрған сөзді мән бермей аударма салу қаншалықты немқұрайлылықты білдіретіні айтпаса да түсінікті. Бұл арада **укрепляются** сөзі **бекітіледі** деп аударылатынына соншалықты ойланудың да қажеті шамалы сияқты.

6) Осы бөлімнің 12-тармағында «вооруженный пост» тіркесі сөздіктегі пост сөзінің **бекет, күзет орны** деген аудармалары ескерілмей, қарулы қос» деп ауызекі тілдегідей аударыла салған.

7) Ереженің 6-бөлімінің 22-1-тармақшасындағы «соответствии с требованиями статьи 19 Закона Республики Казахстан» деген сөз тіркесі «Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының талаптарына сәйкес» деп аударылған. Мұнда қазақ тіліндегі бірыңғай ілік септікті тәуелді формалы сөздер қатар келгенде, алғашқы сөздерден аталған жалғаудың түсіріліп қалатыны ескерілмеген, дұрысы — **заңы** сөзінен түсіріліп, қате қолданылған. Көрсетілген стильдік-грамматикалық талаптарды сақтай отырып, бұл тіркестің аудармасын «Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының талаптарына сәйкес» деп ұсынамыз.

Қорыта келгенде, аталған Қаулы ережесінің аударма тіліндегі кемшіліктерін төмендегідей топтастыруға болады.

1. Сөйлемнің тұтас мазмұнына мән бермеу;
2. Сөзбе-сөз аудару тәсілін ұстану;
3. Атау сөздерді аударуда кәсіби терминділікті естен шығарып, салаға тән емес сөздерді қолдану;
4. Аудармасы бекітілген термин сөздерге жүгінбеу не оларды елемеу.

## **РЕЗЮМЕ**

В статье проведен анализ аутентичности текстов Постановления Правительства Республики Казахстан «О мерах по реализации Закона Республики Казахстан «О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия» на русском и казахском языках. Автором выявлены недостатки и предложены рекомендации лингвистического характера по оптимизации текста настоящего Постановления.

## **RESUME**

In the article the analysis of authenticness of texts is conducted on Russian and Kazakh languages Decision of Government of Republic of Kazakhstan «About measures on realization of Law of Republic of Kazakhstan «About state control after the turn of separate types of weapon». An author is educe defects and recommendations of linguistic character offer on optimization of text real Decision.

---

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. О мерах по реализации Закона Республики Казахстан «О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия: Постановление Правительства Республики Казахстан от 3 августа 2000 г. № 1176 // [www.government.kz](http://www.government.kz)